

Директорлар кеңесі отырысының  
2026 жылғы « 27 » сәуірі  
№ 3 хаттамасына  
№ \_\_\_ қосымша

БЕКІТІЛДІ

«Алматы» ӘКК» АҚ  
Директорлар кеңесінің 2026 жылғы  
«27» сәуірі шешімімен  
№ \_\_\_ хаттама

Күшіне енген күні:

2026 жылғы « 27 » сәуірі



**«Алматы» ӘКК» АҚ-ның және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

ІНҚ иесі	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі
ІНҚ әзірлеушісі	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі
Данасын сақтауға жауапты тұлға	ІНҚ базасының әкімшісі
Түпнұсқаны қағаз және электрондық тасымалдағышта сақтау орны	ІНҚ базасы
Мониторинг пен өзектендіруге жауапты	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі
Жаңа ІНҚ қабылдануына байланысты күшін жоятын ІНҚ туралы мәліметтер	Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 26.09. шешімімен бекітілген (№ 9 хаттама) «Алматы» ӘКК» АҚ-да мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты
Келіспеушіліктер хаттамасы	жоқ
Қосымшалар мен беттер саны	ІНҚ 10 парақтан тұрады, қосымшасыз

Алматы, 2026 ж.

## Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер .....	3
2-тарау. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде орындауға міндетті мінез-құлық (іс-әрекет) стандарттары .....	3
3-тарау. Басқарушылық және басқа шешімдер қабылдаудағы мінез-құлық стандарттары ...	4
4-тарау. Ішкі нормативтік құжат жобаларын әзірлеудегі мінез-құлық стандарттары .....	5
5-тарау. Кадрлық жұмысты ұйымдастырудағы мінез-құлық стандарттары .....	6
6-тарау. Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асырудағы мінез-құлық стандарттары ...	6
7-тарау. Қаржы-құқықтық қызметтегі мінез-құлық стандарттары .....	7
8-тарау. Басқарушылық шешімдер қабылдау саласындағы стандарттар (басшыларға арналған) .....	8
9-тарау. Басқа шектеулер мен тыйымдар .....	8
10-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды орындау .....	9

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. «Алматы» ӘКК» АҚ-ның және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларына, сондай-ақ «Алматы» ӘКК» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына сәйкес әзірленген.

2. Стандарт – бұл Қоғамның ішкі құжаты болып табылады және қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алу және заңнамалық талаптарды сақтау жөніндегі ұсыныстар жүйесін анықтайды.

3. Стандарттың міндеттері:

1) Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұсыныстар жүйесін бекіту;

2) Сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың салдарын болдырмау.

4. Стандартты қабылдаудың және енгізудің мақсаты:

1) Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру және сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыру;

2) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;

3) Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының жарғылық қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту;

5. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдары Стандартты өзінің интернет-ресурсында еркін қолжетімділікте орналастырады және сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтынын ашық мәлімдейді, сондай-ақ Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлері мен олармен іскерлік және шарттық қатынастар орнататын өзге де тұлғалар мен ұйымдардың осы Стандарттың қағидаттары мен талаптарын сақтауын құптайды және көтермелейді;

6. Стандарт талаптары Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ шарттар арқылы немесе заңнама нормаларына сәйкес міндеттері бар басқа заңды және жеке тұлғаларға таралады.

## **2-тарау. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлері лауазымдық міндеттерін орындау кезінде орындауға міндетті мінез-құлық (іс-әрекет) стандарттары**

7. Қызметкерлер өз қызметінде міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын, Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының Жарғысын және ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;

2) лауазымдық міндеттерін адал, жауапкершілікпен және бейтарап орындауға;

3) еңбек міндеттерін орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмауға;

4) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға, ресми жариялауға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе иелену мақсатында пайдаланбауға;

5) заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтарға жол бермеуге;

6) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласуға жол бермеуге;

7) еңбек (функционалдық) міндеттерін орындау кезінде қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларын сақтауға, іскерлік әдепті, сондай-ақ Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының Іскерлік әдеп және мінез-құлық кодексінің талаптарын сақтауға;

8) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтарға жол бермеуге, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының кез келген фактілерінің жолын кесуге;

9) еңбек (функционалдық) міндеттерін орындауға байланысты ешқандай материалдық игіліктерді, сыйлықтарды, ақшалай сыйақыларды, жеңілдіктерді, қызметтерді және өзге де артықшылықтарды қабылдамауға;

10) жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына кедергі келтірмеуге;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігін болдырмау жөнінде шаралар қабылдауға;

12) сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне итермелеудің кез келген әрекеттері, дайындалып жатқан немесе өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне және тікелей басшысына дереу хабарлауға.

### **3-тарау. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлерінің басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезіндегі мінез-құлық (іс-әрекет) стандарты**

8. Басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде Стандарт Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлері үшін мынадай мінез-құлық нормаларын айқындайды:

1) қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге;

2) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, басқа да қызметтік құжаттарды заңнамада және ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарауға, сондай-ақ олар бойынша қажетті шаралар қабылдауға;

3) шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін, өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын құқыққа сыйымсыз өтініштермен әріптестеріне және басшысына жүгінуден тартынуға;

4) басқа тұлғаларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеуге;

5) өз еңбек (функционалдық) міндеттерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді мүліктік және мүліктік емес пайда алу мақсатында пайдаланбауға;

6) еңбек (функционалдық) міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтарды қабылдамауға;

7) таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында пайдаланбауға;

8) сыбайлас жемқорлық ретінде бағалануы мүмкін кез келген әрекеттерден тартынуға;

9) орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмән туған жағдайда бұл туралы тікелей басшысына жазбаша түрде хабарлауға;

10) үшінші тұлғалардың мүдделерін ұсынудан немесе лоббилеуден, сондай-ақ олардың атынан әрекеттер жасаудан тартынуға.

#### **4-тарау. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлерінің ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын дайындау кезіндегі мінез-құлық (іс-әрекет) стандарты**

9. Ішкі құжаттардың жобаларын дайындау кезінде Стандарт Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлері үшін мынадай мінез-құлық нормаларын айқындайды:

1) әзірленетін ішкі құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеуіне жол бермеуге;

2) ішкі құжаттарды өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда алу мақсатында қабылдауға жол бермеуге;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындататын немесе екіұшты түсіндіруге мүмкіндік беретін нормаларды енгізуге жол бермеуге;

4) ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын дайындау кезінде келісу және бекіту рәсімдерінің бұзылуына жол бермеуге.

#### **5-тарау. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлерінің персоналды іріктеу және орналастыру бойынша кадр жұмысын ұйымдастыру кезіндегі мінез-құлық (іс-әрекет) стандарты**

10. Персоналды іріктеу және орналастыру бойынша кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде Стандарт Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлері үшін мынадай мінез-құлық нормаларын айқындайды:

1) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының және Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға;

2) персоналды іздеу, іріктеу, тағайындау, ауыстыру және жоғарылатуға байланысты барлық рәсімдердің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етуге;

3) кандидаттар мен қызметкерлерді тек кәсіби қасиеттері, тәжірибесі және іскерлік беделі негізінде бағалауға;

4) кадрларды іріктеу мен орналастыру кезінде туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша жағдайларға жол бермеуге, жұмысқа қабылдау және қызмет бойынша жоғарылату кезінде заңда көзделмеген артықшылықтарды (протекционизм, тамыр-таныстық) ұсынбауға;

5) жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерге жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдарды және шектеулерді түсіндіруге;

6) қызметкерлердің дербес деректерін негізсіз беруге жол бермеуге;

7) еңбек шартының талаптарына заңнамаға қайшы келетін немесе қызметкерлердің құқықтарын шектейтін ережелерді енгізуге жол бермеуге.

#### **6-тарау. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлерінің сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі мінез-құлық (іс-әрекет) стандарты**

11. Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезінде Стандарт Қоғам қызметкерлері үшін мынадай мінез-құлық нормаларын айқындайды:

1) Қазақстан Республикасының сатып алуларға қатысты заңнамасын сақтауды;

2) сатып алуларға жұмсалатын қаражатты тиімді және оңтайлы пайдалануды;

3) сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету, жеткізушілердің коммерциялық құпияға қатысты құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды (нәтижелер анықталмай тұрып);

4) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізушілерге мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беруді;

5) қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қалыптастыруға ықпал етуді;

6) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдерге қайшы келмеген жағдайда, Қазақстандық тауар өндірушілерге, жұмыстар мен қызметтер өндірушілеріне қолдау көрсетуді;

7) инновациялық және жоғары технологиялық тауарлар, жұмыстар, қызметтерді сатып алуды;

8) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізушілерге сатып алу рәсіміне тең мүмкіндіктер беруді;

9) қызметтік лауазымын жеке немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін пайдаланбауды;

10) сыбайлас байланысы бар жеке және заңды тұлғалардың сатып алуларға қатысуына жол бермеуді;

11) ұсыныстардың мазмұнымен байланысты ақпаратты нәтижелер анықталмай тұрып жарияламауды;

12) белгілі жеткізушілерге артықшылық беретін біліктілік талаптары мен техникалық сипаттамаларды қоспауды;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген қосымша талаптарды енгізбеуді.

11-1 Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезінде Стандарт Қоғамның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлері үшін мынадай мінез-құлық нормаларын айқындайды:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын сақтау;

2) мемлекеттік сатып алуға пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің баға мен сапа арақатынасын қамтамасыз ету арқылы;

3) заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізушілерге мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

4) қатысушылар арасында адал бәсекелестіктің қалыптасуына ықпал ету;

5) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын сақтау;

6) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін деңгейде қазақстандық тауар өндірушілерді, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер өндірушілерді қолдау;

7) тұрақты мемлекеттік сатып алуды дамыту;

8) қызметтік жағдайды жеке мүдделерде немесе үшінші тұлғалардың мүдделерінде пайдаланбау;

9) аффилиирленген байланыстары бар жеке тұлғалар мен ұйымдардың сатып алуға қатысуына жол бермеу;

10) қорытындылар шығарылғанға дейін өтінімдердің мазмұнына қатысты ақпаратты жария етпеу;

11) белгілі бір жеткізушілерге артықшылық беретін біліктілік талаптары мен техникалық ерекшелік талаптарын болдырмау;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген қосымша талаптарды белгілемеу.

**7-тарау. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлерінің қаржылық-экономикалық қызметті жүзеге асыру кезіндегі мінез-құлық (іс-әрекет) стандарты**

12. Қаржылық-экономикалық қызметті жүзеге асыру кезінде Стандарт Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлері үшін мынадай мінез-құлық нормаларын айқындайды:

1) бюджеттік, салықтық, бухгалтерлік заңнама талаптарын, сондай-ақ Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының ішкі құжаттарын қатаң сақтауға;

2) материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа мүлікті және қызметтік ақпаратты қызметке жатпайтын мақсаттарда пайдаланбауға;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау мақсатында бухгалтерлік есеп жүргізуге, қаржылық есептілік ұсынуға, соның ішінде бейресми есеп құруға жол бермеуге;

4) есепке алынбаған немесе дұрыс тіркелмеген операцияларды жүргізуге жол бермеуге;

5) жоқ шығыстарды есепке алуға жол бермеуге;

6) жалған құжаттарды пайдалануға жол бермеуге;

7) заңда белгіленген мерзімдерден бұрын бухгалтерлік құжаттарды қасақана жоюға жол бермеуге;

8) Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының мүлкін сақтау, оны қызметтік мақсатта рационалды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, сондай-ақ Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарына сеніп тапсырылған мүлікті дұрыс басқаруға.

### **8-тарау. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына міндетті басқарушылық шешімдер қабылдау саласындағы мінез-құлық стандарты**

13. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының ұйымдастырушылық құрылымындағы барлық деңгейдегі басшылар:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының ішкі құжаттарының нормаларын сақтауға;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау, анықтау және тоқтату бойынша шаралар қабылдауға;

3) бағыныштылардың міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің ауқымын нақты және айқын анықтауға;

4) бағыныштылар арасында еңбек жүктемесін теңсіз бөлуге жол бермеуге;

5) олардың қызмет нәтижесін бағалау кезінде, сондай-ақ ынталандыру және жазалау шараларын қолдануда әділдік пен объективтілікті көрсетуге;

6) орындауға айқын мүмкін емес немесе лауазымдық міндеттер аясынан тыс, сонымен қатар заңға қайшы бұйрықтар бермеуге;

7) қызметтік лауазымын бағыныштылардың қызметіне әсер ету үшін, қызметке жатпайтын мәселелерде пайдаланбауға;

8) бағыныштыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға мәжбүрлемеуге;

9) бағыныштылар мен Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының өзге қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және оларды тоқтатуға;

10) мүдделер қақтығысын реттеу және алдын алу бойынша толық және уақтылы шаралар қабылдауға міндетті.

#### **9-тарау. Қызметкерлерге қойылатын өзге мінез-құлық талаптары**

14. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық көріністерінде негізсіз қоғамдық айыптау болған жағдайда, мұндай айыптау анықталған күннен бастап бір ай ішінде оны жоққа шығару бойынша шаралар қабылдау, соның ішінде сотқа жүгіну ұсынылады.

#### **10-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды орындау**

15. Стандарт талаптары мен нормаларын орындау Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлерінің барлығына сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндетті шара болып табылады.

16. Стандарт талаптарының сақталуын бақылау міндеті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі мен Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

17. Стандарт талаптарын орындамау немесе оларды дұрыс орындамау жағдайында Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік және өзге де жауапкершілікке тартылады.